

НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫС: ТАБЫС ПЕН ЖЕТІСТІК

Ақтөбе облысындағы М. Құсайынов атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернаты – ХХІ ғасыр талабына сай ұлттық үрдістегі даму үлгісін таңдап, бағыт-бағдары айқындалған білім ордасы. «Бәсекеге қабілетті қоғам орнатудың негізі – білімде» деген ұстанымды басшылыққа алатын аталған мектеп-интернатының директоры, «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің Құрметті қызметкері» Гүлнара Төлепбергенқызы Тажығалиевамен төмендегі сұхбат осы мазмұнда өрбиді.

- **Е**зіңіз басшылық ететін білім ордасында оқушыларға заманауи білім берудегі негізгі жетістіктер қандай?

– Мақсат Құсайынов атындағы Ақтөбе облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернатының алпыс жылдан астам тарихы бар білім шаңырағы. Қазіргі таңда мектеп-интернатта 455 оқушы білім алуда, оның 255-і — облыс аудандарынан келген тәрбиеленушілер. Бүгінде облыс мектептері арасында білім сапасы бойынша көш бастап тұрған аталмыш білім ордасы өткен оқу жылының қорытындысы бойынша «Орта білім беретін үздік ұйым» грантын иеленіп, облыс әкімінің 7 миллион теңге көлеміндегі қаржылай қолдауына ие болды. «Ұстаз — ұлық емес, ұлы қызмет», — дейді дана халқымыз. Осындай құрмет пен қолдаудың барлығы - білім алушылардың болашағы жолында аянбай тер төгіп, іргелі істер мен жаңашылдықтардың жаршысы болып жүрген мектеп ұжымының үздіксіз еңбегінің нәтижесі.

Мектеп-интернат ұжымы жыл қорытындысымен облыстың «Ең үздік білім беру ұйымы» атанды. Сонымен бірге

облыстық білім басқармасының, «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен «Дарынды балалармен жұмыс жүйесі: тәжірибе бөлісу және дамыту тенденциялары» тақырыбындағы семинар-практикумда 2018 жылғы облыстың «Үздік мамандандырылған мектебі» деп танылып, Алғыс хатпен марапатталды. Өскекең ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беріп келе жатқан білім ордасы облыстық пәндік олимпиадасының қорытындысы бойынша «Үздік облыстық білім беру ұйымы» номинациясын иеленді.

– Мамандандырылған мектеп-интернаттың білім беру сапасын басқару стратегиясы қандай болу керек?

– Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында жетекші рөл атқарады, сондай-



Гүлнара ТАЖЫҒАЛИЕВА

ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі басқарушылық қызмет мазмұны ақпараттық-талдамалы, мотивациялық-мақсатты, жоспарлы-болжамалы, бақылау-диагностикалық, реттеу-түзету бөлімдерінен тұрады. Бұл — әрбір қызмет бойынша жұмыс көлемін бекітуге, басқарудың құрылымын құруға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі — оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әр түрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтердің іс-тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.



– Педагогтің кәсібі өсуі – білім беру сапасын қамтамасыз етудің басты шарты. Олай болса, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамытудың маңызы қандай?

– Мектептің нәтижелілігі мұғалімдердің оқушыларға беретін білімінің сапасымен, олардың оқушыларға қолдау көрсету және ынталандыру, сонымен қатар оқушы бойындағы ерекше қабілеттерді, дағдыларды анықтай алу қасиетімен өлшенеді. Ең бастысы — ұстаздардың біліктілігін арттырып, сапалы маман даярлау. Сондықтан мектеп мұғалімдерінің білім деңгейін үнемі жаңартып, толықтырып отыруы — кезек күттірмейтін мәселе. Мектеп-интернаттың педагог қызметкерлері Педагогикалық шеберлік орталығы,

Ақтөбе облыстық ғылыми тәжірибелік орталығы, «Өрлеу» біліктілікті арттырудың ұлттық орталығы» Ақтөбе филиалы педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты және «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығымен жоспарлы жұмыстар жүргізеді. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша педагогтердің 63 пайызы курстан өтті. Бірнеше жылдан бері мектеп педагогтері эксперименталдық алаңдар режимінде жаңа технологияларды енгізу бойынша жұмыс атқарады. Мектебіміздің 12 педагог қызметкері Ұлттық Тестілеу Орталығында сарапшы және әзірлемеші ретінде жүйелі жұмыс жүргізеді. Педагог қызметкерлерге арналған жаңа форматтағы Ұлттық

біліктілік тестілеуде мұғалімдеріміздің 63 пайызы өз біліктіліктерін дәлелдеді. Ақтөбе облысының «Өлкетану» оқулығының авторлары мектебіміздің география пәні мұғалімі Мейрамгүл Нұрбаева мен тарих пәні мұғалімі Күнімайгүл Смадияр болғаны ұжымдағы педагог кадрлардың білімді де білікті мамандар екенін дәлелдеді.

Мектеп-интернатымыздың оқушыларының 60 пайызы – ауданнан келген балалар. Сондықтан «Туған өлке шежіресі» циклы бойынша аудан күндерін атап өту дәстүрге айналған. Шара барысында оқушылар туған жерлерінің жер-су атаулары мен қасиетті жерлерінің тарихымен танысады. Әр ауданның еңбек ардагерлерімен, қоғам қайраткерлерімен өткізілген кездесулер жас ұрпақтың бойында патриоттық сезімді оятатыны анық.

– «Ұстазы талантты болса, шәкірті талапты болады» демекші, білім ордасындағы мұғалімдердің жетістіктеріне тоқталсаңыз...

– Өз пәнінің шеңберінде қалып қойған мұғалімнің балаға білім, тәрбие берудегі биік мақсаттарға жете алмайтыны анық. Білім ордасындағы педагог қызметкерлер облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі кәсіби байқауларда жүлделі орындарға ие болып, педагогикалық шеберлігін шыңдауда. Атап айтсақ, мектебіміздің мұғалімдері Мейрамгүл Нұрбаева мен Гүлназ Мыңжасарова республикалық «Үздік педагог» конкурсының жеңімпазы атанды. Республикалық «Үздік жыл психологі» конкурсында Әсемгүл Музеева мен Ақбаян Елубаева, «Дарынды ұстаз-таланатты шәкірт» педагогикалық сайысында Роза Алматова, Салтанат Бисенбаева, Мерей Жолмағанбетов, «Үздік авторлық бағдарлама», «Инновациялық-педагогикалық идеялар фестивалінде» Балия Джулаева, Гүлзия Бектенгалиева, Гүлзат Джулаева, Күнімайгүл Смадияр, Рысхан Жұмабай, Ләззат Дарменова, Ләззат Пангереева, Анаргүл Қожахметова, Жанаргүл Баешева, Гүлбадан Изтлеуова сынды ұстаздарымыз биік белестерді





бағындырып келеді. Алматы қаласында өткен математика, физика, информатика пәні мұғалімдерінің VI халықаралық шығармашылық байқауына математика пәнінің мұғалімдері Нұрбек Абдуллин, Сабыржан Жылгелдин, Бауыржан Жылгелдин, Салтанат Бисенбаева тұрақты түрде қатысуды дәстүрге айналдырса, биылғы оқу жылында Арслан Курашов жүлделі III орынды иеленді.

– Бүгінгі күні нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында педагогтердің кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындап отыр. Осы орайда педагог мәртебесі мәселесіне қосар ойыңыз қандай?

– Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтердің оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс-әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев кезекті Жолдауында халықтың тұрмыстық, әлеуметтік жағдайына ерекше мән берді. Оның ішінде білім беру жүйесіне айрықша көңіл бөлініп отыр. Елбасы орта білім беру жүйесінің мәні мен маңызына тоқтала келе,

еліміздегі барлық мектептер Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқыту жүйесі мен әдістемесін толығымен қабылдап, білім сапасын жаңа арнаға бағыттау қажеттігін тілге тиек етті. Сондай-ақ оқушылардың мектеп қабырғасында мейілінше сұранысқа ие мамандықтарға бейімделіп, соған орай кәсіби мамандық таңдау керек екендігі айтылды. Соның ішінде бүгінгі қоғамда ең көп көтеріліп жүрген мәселелердің бірі — педагог мәртебесі. «Мектепті сыйлағандықтан, мамандығын жанымен сүйгендіктен мұғалім ең алдымен өзінің интеллектісін көтеругі керек, дүниеге деген көзқарастарын биіктетуі керек», — деген ақын Әбділдә Тәжібаевтың пікірі біздің мектеп мұғалімдерінің еңбек жолына арнап айтылғандай.

– Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жететіні жайында айтылған. Сіз басшылық ететін білім шаңырағында бұл бағытта қандай шаруалар қолға алынған?

— Білім ордасында ұлттық құндылықтарымызды насихаттау бағытында «Мәңгілік ел», «Өлкетану», «Абайтану», «Әбіштану» кабинеттері жасақталып, қазіргі күні жүйелі жұмыс жасап жатыр.

«Мәңгілік ел» — шектеусіз ғұмыры бар, тәуелсіз, тұғыры биік, ғылым-білімі дамыған, бірлігі жарасқан алдыңғы қатарлы, әлем таныған алпауыт елге айналу. Сондықтан да мәңгілік әрі бәсекеге қабілетті ел болуы үшін, болашақ ұрпағымыз осы негіздегі мықты идеологияны бойына сіңірген болуы керек. Осы мақсатты жүзеге асыру негізінде оқушыларымыздың кемелді келешегі үшін тәрбиелік мәні зор, ауызбіршілікке бастайтын «Мәңгілік ел» кабинеті ашылды. Заманауи талаптарға сай жабдықталған кабинетте күнделікті сабақтардан басқа, қызу талқылауды қажет ететін келелі кеңестер, оқушыларды рухани жаңаруға жетелейтін ғибратты әңгімелер, тарихтан мол тағылым беретін пікір алысулар, өмірі өнегеге толы жерлестерімізбен кездесулер ұйымдастырылады. «Мәңгілік ел» оқу кабинетінің мақсаты айқын. Бұл — келешек ұрпақ үшін жасалып жатқан келелі істердің бастамасы ғана.

«Әбіштану» кабинетінің ашылу салтанатының өзі — қазірде үлкен тарих. Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевтың жары Клара Жұмабаева кабинеттің ашылу салтанатына қатысып, ақ батасымен тұсауын кесті. Бұл — жасалған игі істеріміздің бастамасы.

Себебі, мектеп-интернат оқушылары талай жарыстарға қатысып, қанжығалары жүлделерге толы орылып жүр. Толықтай тоқталып өтсек, облыстық, аймақтық, республикалық «Әбіш оқуларының» ғылыми жоба, иллюстрация, зерделеу жобасы, сахналық қойылым номинациялары бойынша 11-класс оқушылары Әйтеке Тәжібай, Ақбота Аяпбергенова сияқты оқушыларымыздың жетістіктерін мақтанышпен айта аламыз. «Қазақ әдебиетіндегі тарихи прозаны оқытудың өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинарда қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Күнсұлу Онғалиқызы Шүгірова «Орта мектепте Әбіш Кекілбаев шығармаларын оқыту әдістері» тақырыбында өз іс-тәжірибесімен бөлісті. Бұл — жеткен жетістіктеріміздің бастамасы әрі бірсыпырасы ғана. Кекілбаевша

айтқанда: «Кеше жетпегенге бүгін жетем, бүгін жетпегенге ертең жетем деген үміт пен сенім ғана адамды да, қоғамды да ілгері жетелейді».

Сөзімізге дәлел ретінде айтар болсам, жақында ғана Ақтөбеде республикада тұңғыш рет «Анаға тағзым» аналар слеті өткен болатын. Осы айтулы шараға құрметті қонақ ретінде келген халқымыздың қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлының келіні, жазушы, қоғам қайраткері Зейнеп Ахметова мен Әбіш ағаның жұбайы Клара Жұмабаева мектебімізде болып, оқушылармен кездесті. Ұлт анасы мен қоғам қайраткерінің тәрбиелік мәні зор ғибратты әңгімелері жоғары сынып оқушыларының сана-сезімін рухани тұрғыда байыта түсті. Қонақтар мектепте дарынды балаларды тәрбиелеумен қатар, қыз тәрбиесіне айырықша көңіл бөлінетініне, ұлттық құндылықтарды насихаттауға басымдық берілгеніне ризашылықтарын білдірді.

– Білім ордасының атына сай дарынды балаларды қолдауға қаншалықты күш жұмсалады?

– Жас мемлекетіміздің болашағы – бүгінгі жастардың қолында. Олардың табиғи қабілеттерін, нақты мүмкіндіктерін анықтап, соған негіздеп оқыту – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Сондықтан да оқушылардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, әрбір тұлғаны қалыптастыруда оқу-тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің ендірілуі үлкен

жетістіктерге жетелейді. Оқу үрдісі уақыт талабымен қаншама өзгеріске ұшыраса да, мұғалім ғана оның мазмұнын оқушы санасына жеткізе алады. Олай болса, бүгінгі мектеп – терең білім мен ғылымға жол салатын, ізгілік пен адамдыққа тәрбиелей отырып, өзін-өзі дамытып, қабілетін жетілдіре алатын, қоғамға белсене араласатын, елінің болашағына өз үлесін қосатын жеке тұлға тәрбиелейтін орта.

Өскекең ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беріп келе жатқан мектеп-интернат білім бәйгесінің қорытындысы бойынша өткен оқу жылында «Үздік облыстық білім беру ұйымы» номинациясымен бірінші орынды иеленді. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадада Гүлнафис Тыныштықова, Гүлжанар Меңдібаева, Аружан Уәли, Серік Сәменов, Жан Мұхамбеталының жыл сайын жүлделі орындарды иеленуі облыс абыройын асқақтатып келеді. Республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде «Ең жас қатысушы» номинациясымен марапатталған Жансұлу Әбидолланың Астана қаласында өткен жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша I республикалық жасөспірімдер олимпиадасында үшінші орын алуы да - пән мұғалімдерінің үздіксіз еңбегінің нәтижесі.

Білім ошақтарында білім мазмұнын жақсартудың алғы шарттарының бірі – дарынды балаларды таба білу, тәрбиелеп жетілдіру, бойындағы ерекше қасиеттерін дамытуға мүмкіндік туғызу. Алматы қаласында «Өзін-өзі тану» пәні бойынша

өткен республикалық олимпиадада Жансая Камашева мен Мүбәрәк Тыныштықбайдың жүлделі I орын, Семейде өткен XIX республикалық Абай оқуларында 11-класс оқушысы Аружан Социалдың мақтау қағазын, «Менің кіші Отаным» жас тарихшылар I республикалық интеллектуалдық конкурсында Арсен Сәуірбайдың мақтау қағазын, Башқұртстан Жазушылар одағының ұйымдастыруымен халықаралық мәнерлеп оқу байқауында Бауыржан Жақсылықовтың I орын алғандарын атап өтуге болады. Республикалық «Ақберен» байқауында «Шашасына шаң жұқпас» номинациясын, «Жыр алыбы – Жамбыл», «Ел бірлігін сақтаған татулықты айт», «Ұлы дала жастары – Тәуелсіздікті жырлайды» тақырыптарындағы айтыстарда жүлделі орындарды иеленіп жүрген жас ақындарымыз Жақсылық Әлихан мен Нұрбол Жауынбаевтың жетістіктері – «Сөз өнері», «Сөйлеу мәдениеті» тақырыбындағы дамытушылық сипаттағы жүргізілген сабақтардың нәтижесі. Қазақстандық режиссёр Эмир Байгазиннің 66-халықаралық Берлин кинофестивалінде көрсетілген жасөспірімдер туралы “Жаралы періште” фильмінде басты ролдердің бірін сомдаған оқушымыз Нұрлыбек Сақтағанов екенін де мақтанышпен айтамыз. Мектеп оқушыларының спорт саласындағы жетістіктері де аз емес. Халықаралық гроссмейстер Дәрмен Сәдуақасов кубогіне арналған республикалық шахмат турнирінде Ләйла Мұхамбетованың жеңісі, қазіргі таңда Қазақстанның ұлттық олимпиада құрамасының мүшесі Болатбек Мыңбаевтың Бразилияның Жуис-ди-Фора қаласында өткен шахматтан әлем чемпионатында жүлдемен оралып, ел намысын қорғауы шәкірттеріміздің жан-жақты екеніне дәлел. Сәулет Әйтеновтің тоғызқұмалақтан Павлодар облыстық «Сарыарқа самалы» газетінің жүлдесі үшін ұйымдастырылған XI республикалық турнирде II орын, Мейіржан Кәдірәлінің Шымкент қаласында республикалық «Орталық су – спорт кешені» байқауында III орын иеленуі мектебіміздің мерейін үстем етті. Олай болса, ұжымдағы заманауи әдістермен қаруланған педагог санының өсуін қамтамасыз ету- жеке тұлғаға бағытталған білім беру траекториясын үлгілеудің педагогикалық жолдарын дамытуға, оқушылардың зерттеушілік қабілетін ашуға,



интеллектуалдық танымын кеңейтуге бағытталған шаралар желісін түрлі бағытта ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Егеменді еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуының жетекшісі, интеллектуалды күш-қуаты стратегиясының қоры болатын дарынды жастарымыздың бағындырар белестері көп болары анық. Сондықтан да мектеп-интернат ұжымының дарынды жастарымызға білім мен тәрбие беруде биік шыңдардан көрініп, жетістіктерін еселей береріне сенім зор.

– Ақтөбе облысының әкімі Бердібек Сапарбаевтың бастамасымен биылғы жылдың «Балалар жылы» болып жарияланғанын білеміз. Осы орайда, «Бақытты бала» жобасын жүзеге асыруда мектеп-интернаттың үлесі қандай болды?

– Балаларға қолайлы жағдай жасау, оларды интеллектуалдық, дене тәрбиесі, рухани-адамгершілік жағынан дамыту — жобаның басты мақсаты. Жоба шеңберінде «Кегель-рингтен» робототехника бойынша оқушыларымыз Балғабек Жақсылық, Бибізейнеп Тыныштықбай, Дастан Қасымжан, Жандәулет Өмірханов, Бекзат Еркін облыстық, республикалық ашық чемпионаттарда жүлдегер атанып, Татарстан Республикасындағы «Байтик» компьютерлік лагерінде демалды. 10-класс оқушысы Жібек Қарамергенова Қытай Халық Республикасына, Орынбор облысындағы «Солнечная страна», Шығыс Қазақстан облысындағы «Дарын» сауықтыру лагерлеріне мектебіміздің озат оқушылары жіберілді. Шығармашылық және спорттық сайыстардың жүлдегерлері Ташкент және Самарқанд қалаларына саяхат жасап келді. Республикалық «Балаға мейірімді Қазақстан» балалар форум-фестивалінде Әли Қазымов, Әйтеке Тәжібай сынды оқушыларымыздың Ақтөбе облысының дарынды оқушыларының атынан қазіргі өзекті мәселе боп отырған ұсыныстарды жеткізуі де зор жауапкершілікті жүктейді.

– Мектеп мерейі түлектердің ұлттық бірыңғай тест емтиханын тапсырудағы қорытындысымен өлшеніп жатады. Жалпы мектеп-интернат түлектерінің шешуші сынақтан алатын қорытындысы қандай?



– Биылғы Елбасы Жолдауында орта мектептердің өзінде балаларды мейлінше сұранысқа ие мамандықтарға бейімдеп, кәсіби диагностика жүргізудің маңыздылығы туралы айтылған еді. Нәтижеге бағытталған жалпы орта білім беру, үзіліссіз білім беру жүйесінің базалық буыны ретінде, пәндік білім санымен емес, бітірушілердің дұрыс өмірлік таңдауларын жасауға, өз бетімен еңбек етуге, өзіндік шешім қабылдай алуға даярлығымен өлшенетін білімнің жаңа сапасын қамтамасыз етуі керек. Сондықтан білім көкжиегінің кеңістігін меңгеруге қабілетті, білікті ұстаздар қауымының білім деңгейін үнемі жаңартып, толықтырып отыру, сапалы маман даярлау – мектептегі ең басты проблема.

Білім ордасын 2017–2018 оқу жылында 61 мектеп түлегінің 17-сі «Алтын белгімен» аяқтады. Ұлттық бірыңғай тест қорытындысы бойынша орташа балл – 108,3 болып, облыста бірінші орын алдық. Олардың 95,7 пайызы алыс, жақын шет елдерде және еліміздің жоғары оқу орындарында грант иегерлері атанды.

«Баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығармай, келешек заманына лайық қылып шығару керек», – деп ұлт жанашыры М.Жұмабаев айтқандай, жаңа заманның жаңа адамын тәрбиелеу, озық және бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру – аса зор міндет. Оқып-тәрбиеленген шәкірттеріміздің өз мекеніне еңбек етуге оралуы да белгілі бір жүйеге

қойылып келе жатқан үрдіс. Бүгінгі күні он шақты шәкірт – ұстаздың өзі білім алған алтын ұясында еңбек етуі – сөзіміздің дәлелі болмақ.

Қазіргі кезеңде елдердің бәсекелестік күш-қуаты және болашақ даму мүмкіндіктері олардағы табиғи ресурстардың молдығымен ғана емес, ең алдымен, адами капиталмен, қоғам мүшелерінің рухани интеллектуалдық және мәдени әлеуетімен, инновациялық технологияларды ұтымды пайдалана алуымен анықталады. Ал, бұл мәселені шешетін бірден-бір фактор – білім беру жүйесін дамыта отырып, жаңаша білім беру мен тәрбиелеу.

Ғылым мен білімді интеграциялау, оқу үрдісін жетілдіру, мұғалімнің тәжірибелік және ғылыми зерттеу жұмыстарын іске асыра отырып, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында еңбектеніп жатқан мектеп ұжымының мақсаты – білім алушыларды тек жетістіктерге жетелей беру.

– Рахмет!

АННОТАЦИЯ

В материале освещен успешный опыт работы коллектива Актюбинской областной специализированной школы-интерната для одаренных детей им. М. Кусаинова. Высокая самоотдача, непрерывный поиск и саморазвитие, нацеленность на результат, умение замечать и совмещать все аспекты, необходимые для победы – все это и есть основные факторы педагогической деятельности школы.